

Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 278 "Сарыкөл ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 84 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 22 мамырда № 10475-10 болып тіркелді

Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сарыкөл ауданы әкімдігінің "Сарыкөл ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 278 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26296 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 73-тармағына сәйкес Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Сарыкөл ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін оның Сарыкөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Сарыкөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыкөл ауданы әкімі

М. Шымырбеков

Сарыкөл ауданы әкімдігінің

2025 жылғы 21 мамырдағы

84 қаулысына

қосымша

Сарыкөл ауданы әкімдігінің

2021 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 278 қаулысына

қосымша

Сарыкөл ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Орналасу орны	Алып жатқан алаңы (шаршы метр)	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі (жыл)	Қызмет саласы	Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
1	Сарыкөл кенті, Мендеке Батыр көшесі, № 31 үйдің сол жағында	50	5 жыл	Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар	"Престиж" дүкені
2	Маяк ауылы, 1 май көшесі, " Сарыкөл ауданы Маяк ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің оң жағында	350	5 жыл	Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар	"Аружан" дүкені
3	Златоуст ауылы, Целинная көшесі, "Олжа Арыстан ӨК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сол жағында	350	5 жыл	Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар	"Кузьминых" жеке кәсіпкердің дүкені
4	Комсомол ауылдық округі, Комсомол ауылы, Мир көшесі, № 21 үйдің сол жағында	50	5 жыл	Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар	"Бродюк" жеке кәсіпкердің дүкені
5	Веселоподол ауылдық округі, Веселый Подол ауылы, Ленин көшесі, № 7 үйдің оң жағында	300	5 жыл	Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар	Ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ
	Большие Дубравы ауылы,				

6	Целинная көшесі, № 1 үйдің сол жағында	50	5 жыл	Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар	"Махина" жеке кәсіпкердің дүкені
7	Тимирязев ауылы, Мир көшесі, "Сарыкөл ауданы Тимирязев ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің сол жағында	50	5 жыл	Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар	"Тамаша" дүкені
8	Тағыл ауылдық округі, Тағыл ауылы, 50 лет СССР көшесі, "Сарыкөл ауданы Тағыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің сол жағында	100	5 жыл	Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар	Ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ
9	Сорочин ауылдық округі, Сорочинка ауылы, Центральная көшесі, № 1 үйдің оң жағында	200	5 жыл	Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар	"Попов" жеке кәсіпкердің дүкені
10	Сорочин ауылдық округі, Крыловка ауылы, Центральная көшесі, № 52А үйдің оң жағында	200	5 жыл	Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар	"Алишер" дүкені
11	Севастополь ауылдық округі, Севастополь ауылы, Ленин көшесі, № 30 үйдің оң жағында	50	5 жыл	Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар	"Исакова" жеке кәсіпкердің дүкені
12	Урожайное ауылы, Херсонская	50	5 жыл		"Фариза" дүкені

	көшесі, № 11 үйдің оң жағында			Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар	
13	Барвинов ауылы , Комсомольская көшесі, " " Аманжол АқРо" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің оң жағында	50	5 жыл	Азық-түлік/азық түлік емес тауарлар	"Аманжол АқРо " жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің дүкені

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК